

Академиялық адалдықты нығайту және
жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу



26.11.2025 жылы «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» республикалық акциясы аясында №16 Т.Айбергенов атындағы мектепте 10–11-сынып оқушыларына маңызды профилактикалық дәріс өткізілді.

Кездесуді Байқоңыр ауданы ПБ бөлімінің бастығы, полиция майоры Валиева А.Б. жүргізді.

Дәріс барысында оқушыларға қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері, өзін-өзі ұстау мәдениеті және азаматтық жауапкершілік туралы кең көлемді ақпарат берілді.

Кәмелетке толмағандар арасында кездесетін әкімшілік құқықбұзушылықтар – темекі шегу, есірткі заттарын немесе прекурсорларды қолдану, тыныштықты бұзу, бұзақылық әрекеттер сияқты мәселелер нақты мысалдармен түсіндірілді.

Майор Валиева А.Б. заңды сақтамаудың салдары, жауапкершілік түрлері және мұндай әрекеттердің жасөспірім өміріне тигізетін әсері туралы жан-жақты айтып өтті.

Оқушыларға қауіпсіздік ережелерін сақтау мен қоғамдық тәртіпті құрметтеудің маңыздылығы ерекше атап өтілді.

Кездесу барысында академиялық адалдық мәселесі де көтерілді.

Адал оқу, өз еңбегіне жауап беру, көшіру мен плагиаттан бас тарту – әр оқушының тұлғалық дамуы мен болашақ кәсіби жолындағы маңызды қадам екені түсіндірілді.

Іс-шараның басты мақсаты – жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін арттыру, құқықбұзушылықтың алдын алу және мектептегі академиялық адалдық қағидаттарын нығайту болды.

Жоғары сынып оқушылары дәріс барысында белсенділік танытып, өздерін толғандырған сұрақтарына толық жауап алды.